



«Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының қызметі туралы

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ 2021

Мазмұны

1 БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖОЛДАУЫ

1. Басқарма төрағасының кіріспе сөзі

2 АГЕНТТІК ПРОФИЛІ

1. Жалпы мәліметтер
2. Агенттіктің даму стратегиясы: миссиясы, көзқарасы және мақсаты
3. Стратегия қорытындылары, оқиғалар және жыл жетістіктері

3 ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

1. Нарыққа шолу және нарықтағы жағдай
2. Қойылған міндеттерге қатысты қызметті шолу және талдау
3. Қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері
4. Активтер мен міндеттемелердің құрылымы
5. Аудитордың қорытындысы және жылдық қаржылық есептілік
6. 2021 жылғы аналитикалық көрсеткіштер мен деректер

4 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

1. Корпоративтік басқару құрылымы/жарғылық капитал құрылымы
2. Акционерлер құрамы/Директорлар Кеңесі/Тәуелсіз директорлар
3. Директорлар кеңесінің комитеттері
4. Агенттік Басқармасы
5. Сыйақы саясаты
6. Тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі

5 АГЕНТТІКТІҢ 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МАҚСАТТАРЫ МЕН ЖОСПАРЛАРЫ



БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖОЛДАУЫ

1. Басқарма Төрағасының кіріспе сөзі





Басқарма Төрағасының кіріспе сөзі



Құрметті ханымдар мен мырзалар!

2021 жылы Агенттік телеарналарының назарында мемлекеттің дамуы, оның экономикасын жаңғырту, өнеркәсіп пен инвестициялық әлеуетті дамыту, қоғамдық сананы трансформациялау және қазақстандық бірегейлікті нығайту мәселелері болды.

Қоғамның телеарналары Covid-19 пандемиясымен қамтылған елдегі және әлемдегі жаһандық өзгерістер кезеңінде өзекті болып табылатын телевизиялық аудиториямен ақпараттық жұмыстағы көшбасшыға айналды. «Хабар 24» телеарнасы COVID-19 пандемиясының ТЖ кезінде сенімді ақпарат көзіне айналды, еліміздің басты ақпараттық ресурсының мәртебесін тағы да растады.

Өз кезегінде «Хабар», «Kazakh TV» және «El arna» арналары өзін-өзі оқшаулау жағдайында қалған азаматтардың телевизиялық бос уақытын қамтамасыз етуден бастап, күрделі макроэкономикалық жағдайларда елдің прогрессивті имиджін қолдауға дейінгі басқа да әлеуметтік маңызды функцияларды іске асырды.

Сонымен қатар дамыған өндірістік база және жоғары білікті мамандар тобы Агенттікке елдік маңызы бар бірегей телевизиялық кейсті іске асыруға мүмкіндік берді. Қысқа мерзімде Агенттік «El arna» арнасының эфирінде қашықтықтан оқыту нысанында болған жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына арналған телевизиялық сабақтарды түсіріп шығаруды және ротациялауды ұйымдастырды.

Агенттік жоспарлы маңызы бар, сондай-ақ өндірістік-экономикалық талаптардың түбегейлі өзгеруі аясында туындаған өндірістік мақсаттар мен міндеттердің барлық кешенін іске асырды.

Агенттік жылды оң қаржылық нәтижемен аяқтап, 2021 жылы ұзақ мерзімді дамудың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізді.

Берік Уәли

«Хабар» Агенттігі» АҚ Басқарма төрағасы



АГЕНТТІК ПРОФИЛІ

1. Жалпы мәліметтер
2. Агенттіктің даму стратегиясы: миссиясы, көзқарасы мен мақсаты
3. Стратегия қорытындылары, оқиғалар мен жыл жетістіктері





Жалпы мәліметтер

«ХАБАР» АГЕНТТІГІ – АРНАЛАР «ТЕЛЕ ОТБАСЫСЫ»:



«Хабар» жалпы тақырыптық телеарнасы



«Хабар 24» тәуліктік ақпараттық телеарнасы



«EL ARNA» отандық кино арнасы



«KAZAKH TV» ұлттық спутниктік телевизиялық телеарнасы

1995

"Хабар" Агенттігі өз тарихын 1995 жылы Қазақ ТВ ақпараттық қызметінің базасында «Хабар» Ұлттық телевизиялық ақпараттық агенттігі құрылған кезден бастайды.




EBU

Азия-Тынық мұхиты Хабар тарату Одағының (ABU) және Еуропалық Хабар тарату Одағының (EBU) мүшесі.




Агенттіктің даму стратегиясы: миссиясы, көзқарасы мен мақсаты

2016 жылғы 20 желтоқсанда Директорлар кеңесі Агенттіктің 2017-2021 жылдарға арналған даму стратегиясын бекітті



МИССИЯСЫ

Біз жаңа қоғамды ақпараттандырамыз, біріктіреміз және құрамыз. Агенттік оқиғалар туралы сапалы, қолжетімді, объективті түрде айтып, билік пен қоғам арасында кері байланыс жүйесін құра отырып, аудиторияның ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруға ұмтылады. Аса маңызды құндылықтар мен мемлекеттік бағдарламаларды тиімді ақпараттық ілгерілету халықтың мүдделеріне қызмет етеді, билікке деген сенімді арттырады, табысты елдің жаңа Агенттігін қалыптастыруға жәрдемдеседі.




КӨЗҚАРАСЫ

Үздік медиа өнімді жасайтын табысты компания болу!

Негізгі өнімдер мен құзыреттер :

- Жаңалықтар мен аналитика;
- Танымдық және ойын-сауық контенті;
- Телехикаялар мен телесериалдар;
- Деректі фильмдер шығару.



ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

1-ші стратегиялық мақсат 1: 2021 жылға қарай аудитория үлесі бойынша отандық телеарналар арасында «Хабар» арнасының Үздік-5-ке қатысуын қамтамасыз ету;

2-ші стратегиялық мақсат 2: 2021 жылға қарай компанияның жалпы бюджетінің 9,2%-нан кем емес коммерциялық кірістер үлесі көрсеткішінің мәніне қол жеткізу;

3-ші стратегиялық мақсат – Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 9 қарашадағы шешімімен, № 9 хаттама, алынып тасталды.

4-ші стратегиялық мақсат: Агенттіктің телеарнасы «Сенім деңгейі» критерийі бойынша № 1 болу;

5-ші стратегиялық мақсат: Агенттік телеарналарының үш жобасына үздік 10 танымал бағдарламада болу;

6-шы стратегиялық мақсат: «Жаңалықтар. БАҚ» санатындағы ZERO деректері бойынша ең көп қаралған үздік 15 сайтқа кіру.



Стратегия қорытындылары, оқиғалар мен жыл жетістіктері



Коммерциялық кірістердің үлесі 14,0%-ға дейін ұлғайтылды.



Агенттік телеарналарының 4 жобасы ең танымал 10 бағдарламаның қатарына енді.



Агенттіктің сайты «Жаңалықтар. БАҚ» санатындағы ZERO деректеріне сәйкес 9 орынды иеленді.



MBC (Оңтүстік Корея) компаниясының халықаралық форматы бойынша телевизиялық жоба жасалды – Маска 2 маусым.



Junior Eurovision балалар ән байқауына қатысу үшін Қазақстаннан конкурсант ұсынылды (19 қатысушы елден жалпы 8 орын алған Бекнұр Жәнібекұлы мен Әлинұр Хамзин).

Агенттіктің контент құқықтарын отандық және шетелдік сатып алушылар ауқымы кеңейді. 2021 жылы Агенттіктің клиенттері Reuters News & Media Limited және Palm Pictures Ltd (Ұлыбритания), Мәскеу Ассошиэйтед Пресс бюросы, АҚШ, «Телепортал» ЖШҚ, «ЗИ СНГ» ЖШҚ, «Иви.ру» ЖШҚ, «Аэрогрупп» ЖШҚ, «Окко» ЖШҚ (РФ), Startv Medya Hizmetleri A.Ş., Eftaş Elektronik Film Ticaret ve Sanayi A.Ş. (Түркия), ҚР-дағы «МИР» мемлекетаралық телерадиокомпаниясының Ұлттық филиалы, сондай-ақ бірқатар қазақстандық контрагенттер болды.



Стратегия қорытындылары, оқиғалар мен жыл жетістіктері

- «Comedy Kids» балалар жобасы іске қосылды.
- YouTube-тегі 6 аккаунтта («Хабар SHOW», «Хабар TANYM», «Хабар NEWS», «Kazakh TV», «EL ARNA», «Хабар 24 телеарнасы») орналастырылған Агенттік телеарналарының контентін жалпы қарау көлемі 581 млн. қаралымға жетті.
- YouTube жазылмандардың саны 4,5 млн. жазылманға жетті, бұл Агенттікке «Хабар 24 телеарнасы» аккаунты үшін қолда бар «Золотая кнопканы» алуға мүмкіндік берді, оның жазылмандар саны 1 млн. пайдаланушыдан асты
- «Хабар SPORT» жаңа YouTube арнасы құрылды.
- Агенттіктің YouTube контентінде жарнамалық материалдарды орналастыру шамамен 68 млн. теңге әкелді, екі есе өсім көрсетті, 2020 жылы табыс 35 млн. теңгені құрады.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

1. Нарыққа шолу және нарықтағы жағдай
2. Қойылған міндеттерге қатысты қызметке шолу және оны талдау
3. Қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері
4. Активтер мен міндеттемелердің құрылымы
5. Аудитордың қорытындысы және жылдық қаржылық есептілік
6. 2021 жылғы аналитикалық көрсеткіштер мен деректер





Нарыққа шолу және нарықтағы жағдай, 2021 жылға

Орталық Азия жарнама қауымдастығының мәліметтері бойынша)

76,5 млрд. теңге

қазақстандық жарнама нарығының жиынтық көлемін құрады

22,2 %

2020 жылға қарағанда көбірек

33,6 млрд. теңге

жетекші медиа-сегменттің, ТВ-ның көрсеткіштерін құрады

16,5 %

2020 жылға қарағанда көбірек

44 %

жарнама нарығы құрылымындағы ТВ-жарнамасының үлесін құрады

Агенттік коммерциялық меншік нысаны бар ұйым бола отырып, отандық медиа-нарықтың белсенді қатысушысы және ақпараттық кеңістіктің қазақстандық сегментіндегі мультимедиялық телевизиялық контенттің негізгі өндірушілерінің бірі бола отырып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі бюджеттік бағдарламалар шеңберінде кірістерден басқа, белгілі бір жарғылық қызмет түрлерінен коммерциялық әлеуеттің толық спектрін іске асырады. Дәстүр бойынша, телерадиокомпаниялардың коммерциялық түсімдерінің ең маңызды үлесі жарнамалық-ақпараттық материалдарды эфирге орналастыру және ротациялау болып табылады.

TNS Central Asia (Kantar) телевизиялық өлшеу деректеріне сәйкес)

9 орын
«Хабар» телеарнасы

11 орын
«Хабар 24» телеарнасы

13 орын
«El arna» телеарнасы

16 орын
«Kazakh TV» телеарнасы



2021 жылға арналған даму жоспарындағы 4-қосымшаның негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2021	
		жоспар	нақты
Түпкілікті көрсеткіштер			
Мемлекеттік телеарналарды таратудың орташа тәуліктік көлемін сағат 18 ден 24 ке дейін қамтамасыз ету	%	100	100
Дубляжды ескере отырып, телеарналардың жалпы хабар тарату желісіндегі меншікті өндіріс өнімінің үлесі	%	68,0	71,74
Тікелей көрсеткіштер мен сапа көрсеткіштері			
Телевизиялық өнімдерін шығару және тарату бойынша қызметтер көлемі (тікелей көрсеткіш)	сағат	33 412	33 412
«Хабар» Агенттігі» АҚ веб-ресурстарына келушілердің жиынтық саны (сапа көрсеткіші)	келушілер	12 000 000	12 504 557
youtube.com бейне сервисте «Хабар» Агенттігі» АҚ контентін қараудың жиынтық саны (сапа көрсеткіші)	қаралымдар	525 000 000	581 101 610
Отандық өндіріс сериалдары арасында ҮЗДК-30-ға енген меншікті өндіріс сериалдарының саны (сапа көрсеткіші)	Бірлік	4	4

Агенттік қызметі тиімділігінің нысаналы индикаторы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырма шарты аясында Агенттіктің жалғыз акционері айқындаған тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу болып табылады.

Олардың ішінде: мемлекеттік телеарналарды таратудың орташа тәуліктік көлемін қамтамасыз ету, меншікті өндірісіндегі өнімнің үлесі, тілдік теңгерім, бағдарламаларды тақырыптық толтыру және басқа да индикаторлар.

2021 жылы мемлекеттік тапсырманы іске асырудың тікелей нәтижелеріне қол жеткізу аясында: телевизиялық хабарларды таратудың жылдық көлемі 33 412 сағатты құрады, телеарналарды таратудың жалпы желісіндегі меншікті өндіріс өнімінің үлесі бойынша көлем 71,74%-ға қамтамасыз етілді.

Түпкілікті нәтижеге қол жеткізілді, Агенттік мемлекеттік ақпараттық саясатты ел халқына жеткізу мақсатында телевизиялық арналарды таратудың орташа тәуліктік көлемін 100% қамтамасыз етуді іске асырды.



Агенттіктің 2021 жылға арналған КРІ

1. АҚД-ге бюджеттік инвестициялық жобаны қабылдау және бекіту арқылы «Хабар» АҚ медиа жабдығын жаңғырту мәселесін пысықтау
2021.10.21 № 04-25/19237 хаты негізінде алынып тасталды

2. El arna телеарнаны білім беру контентімен толтыру

2021 жылдың қаңтар айынан бастап "El arna" телеарнасы орыс тілінде оқытатын 1-11 сынып оқушыларына арналған 3-ші және 4-ші тоқсандағы телесабақтарды таратуды жалғастырды. Эфирде барлығы 3472 телесабақ өтті. Сонымен қатар, ақпан айында арна 2021 жылдың 1 наурызынан бастап эфирге шыға бастаған және тұрақты негізде ротацияланатын 12 танымдық бағдарлама шығара бастады.

3. «TNS» CentralAsia» деректері бойынша халық саны 100 000-нан асатын қала панелінде «Хабар» телеарнасының эфирінде шыққан меншікті өндірісіндегі отандық телехикаялардың өзіндік көрсетілімі үлесінің аудиториялық көрсеткіші – 3,6%

2021 жылдың жаңа маусымында «Хабар» телеарнасында 8 телехикая эфирге шықты. Орташа аудиториялық көрсеткіш 2% құрады.

4. «Ашық деректер» порталында орналастырылған ашық деректер жиынтығы өзектілігінің 100% үлесін қамтамасыз ету

Ашық деректер порталында төменде көрсетілген 3-тармақ бойынша өзекті ақпарат орналастырылған:

- 1) Елдер бөлінісінде (байланыстар мен мекенжайларды көрсете отырып) «Хабар» Агенттігі» АҚ-мен ынтымақтастықты жүзеге асыратын әлемдік ақпараттық агенттіктердің тізбесі;
 - 2) «Хабар» Агенттігі» АҚ телеарналарының орташа тәуліктік хабар тарату көлемі;
 - 3) Кабельдік желілердегі операторлар саны – өзгерістер енгізілді.
-

5. Ресми интернет-ресурсты «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 8-тармағында көзделген ақпаратпен толтыруды қамтамасыз ету

«Хабар» Агенттігі» АҚ ресми интернет-ресурсында «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 8-тармағында көзделген ақпаратты орналастыру бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

Өзгерістер туындаған жағдайда түзету ақпарат келіп түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде енгізіледі. Барлық ұсынылған құжаттар мен ақпарат сайтта орналастырылған.

6. Шығармашылық персоналдың қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарынан өтуін қамтамасыз ету

2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында өндірістік персоналдың 254 қызметкері оқудан өтті. 254 қызметкердің 215-і біліктілігін арттырудан, 39-ы қайта даярлаудан өтті.



Қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері

Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы, мың теңгеде

Баптың атауы	2021	2020
Барлығы ақшалай қаражаттың түсуі	20 884 392	19 248 081
оның ішінде:		
Тауарлар мен қызметтерді іске асыру	9 420 505	7 550 787
Басқа кірістер	47 038	45 602
Сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар	11 301 845	11 644 958
Сақтандыру шарттары бойынша түсімдер	-	-
Алынған сыйақылар	28 252	-
Басқа түсімдер	86 752	6 734
Ақшалай қаражаттың шығуы, барлығы	-15 683 652	-16 301 255
оның ішінде:		
Тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге төлемдер	-7 139 211	-7 360 900
Тауарлар мен қызметтерді жеткізушілерге берілген аванстар	-1 747 795	-1 924 527
Еңбекақы төлеу бойынша төлемдер	-3 047 141	-3 064 369
Сыйақы төлемдері	-	-
Сақтандыру шарттары бойынша төлемдер	-	-
Табыс салығы және бюджетке төленетін басқа да төлемдер	-2 770 280	-2 963 009
Басқа төлемдер	-979 225	-988 450

Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы

5 200 740

2 946 826

Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы, мың теңгеде

Баптың атауы	2021	2020
Ақша қаражатының түсімі, барлығы	21 321	29 002
оның ішінде:		
Негізгі құралдарды іске асыру	-	-
Материалдық емес активтерді іске асыру	-	-
Басқа ұзақ мерзімді активтерді іске асыру	-	-
Басқа ұйымдардың үлестік құралдарын (еншілес ұйымдардан басқа) және бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлестерін іске асыру	-	-
Басқа ұйымдардың борыштық құралдарын іске асыру	-	-
Еншілес ұйымдарды бақылауды жоғалтқан кезде өтемақы	-	-
Ақшалай салымдарды алу	-	-
Басқа қаржы активтерін іске асыру	-	-
Фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	-	-
Алынған дивидендтер	-	-
Алынған сыйақылар	21 321	29 002
Басқа түсімдер	-	-
Ақшалай қаражаттың шығуы, барлығы	-4 076 220	-3 118 494
оның ішінде:		
Негізгі құралдарды сатып алу	-194 749	-122 362
Материалдық емес активтерді сатып алу	-3 881 471	-2 996 132
Басқа ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	-	-
Басқа ұйымдардың үлестік құралдарын (еншілес ұйымдардан басқа) және бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлестерін сатып алу	-	-
Басқа ұйымдардың борыштық құралдарын сатып алу	-	-
Еншілес ұйымдарды бақылауды сатып алу	-	-
Ақшалай салымдарды орналастыру	-	-
Сыйақы төлеу	-	-
Басқа қаржы активтерін сатып алу	-	-
Қарыздар беру	-	-
Фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	-	-
Қауымдастырылған және еншілес ұйымдарға инвестициялар	-	-
Басқа төлемдер	-	-
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы	-4 054 899	-3 089 492



Қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері

Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы, мың теңгеде

Баптың атауы	2021	2020
Ақша қаражатының түсімі, барлығы	-	-
оның ішінде:	-	-
Акциялар мен басқа да қаржы құралдарының эмиссиясы	-	-
Қарыз алу	-	-
Алынған сыйақылар	-	-
Басқа түсімдер	-	-
Ақшалай қаражаттың шығуы, барлығы	-98 693	-20 093
оның ішінде:	-	-
Қарыздарды өтеу	-	-
Сыйақы төлеу	-	-
Дивидендтер төлеу	-98 693	-20 093
Ұйымның акциялары бойынша меншік иелеріне төлемдер	-	-
Басқа шығулар	-	-
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы	- 98 693	- 20 093
Теңгеге айырбас бағамдарының әсері	- 72 183	7 205
Ақша қаражаттарының баланстық құнының және олардың баламаларының өзгеруінің әсері	-	4 679
Ақша қаражатының өсуі + / - азаюы	974 966	- 150 875
Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	1 766 194	1 917 069
Есепті кезеңні соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	2 741 160	1 766 194



Бухгалтерлік балансқа сәйкес Агенттіктің активтері мен міндеттемелерінің құрылымы, мың теңгеде

Баптың атауы	2021	2020
Активтер		
I. Қысқа мерзімді активтер:		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	2 741 160	1 766 194
Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	292 488	204 798
Қорлар	65 810	65 091
Басқа қысқа мерзімді активтер	728 418	675 350
Қысқа мерзімді активтердің жиыны	3 827 876	2 711 432
II. Ұзақ мерзімді активтер		
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері	92 101	
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша ескерілетін ұзақ мерзімді қаржылық активтер		303 602
Инвестициялық мүлік	750 331	844 756
Негізгі құралдар	776 720	835 073
Материалды емес активтер	6 139 121	6 001 573
Кейінге қалдырылған салық активтері	1 060 958	668 493
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны	8 819 231	8 653 497
Баланс	12 647 107	11 364 929
Міндеттеме және капитал		
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер		
Қысқа мерзімді сауда және басқа кредиторлық берешек	1 831 901	940 017
Қызметкерлерге сыйақы	213 421	139 591
Төленетін дивидендтер		381 768
Басқа қысқа мерзімді міндеттемелер	484 578	214 811
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны	2 529 900	1 676 187
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер		
Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері	78 541	79 077
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны	78 541	79 077
V. Капитал		
Жарғылық (акционерлік) капитал	6 262 070	6 262 070
Бөлінбеген пайда (жабылмаған шығын)	3 776 596	3 347 595
Меншік иелеріне жатқызылатын капиталдың жиыны	10 038 666	9 609 665
Жалпы капитал	10 038 666	9 609 665
Баланс	12 647 107	11 364 929



Аудитордың қорытындысы және жылдық қаржылық есептілік

Аудитордың қорытындысы

«StarAudit» ЖШС компаниясы Агенттіктің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстан тұратын жылдық қаржылық есептілігіне, кірістер мен шығыстар туралы есепке, капиталдағы өзгерістер туралы есепке және көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепке, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса, қаржылық есептілікке ескертулерге аудит жүргізді.

Аудиторлық компанияның қорытындысы бойынша жылдық қаржылық есептілік Агенттіктің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайының барлық маңызды аспектілерін, сондай-ақ ҚР Қаржы министрінің 28.06.2017 жылғы № 404 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 665 бұйрығымен бекітілген қаржылық есептілік нысандарына сәйкес оның қаржылық нәтижелері мен көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақшалай қаражаттың қозғалысын нақты көрсетеді.

Жылдық қаржылық есептілік

2021 жылғы жылдық қаржылық есептілік «2021 жылғы жылдық қаржылық есептілікті, 2021 жылғы таза табысты бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, «Хабар» Агенттігі» АҚ бір жай акциясына есептегенде дивидендтер мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 07.06.2022 жылғы №194 бұйрығымен бекітілген.

Агенттіктің 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігі Агенттіктің ресми сайтында орналастырылған. 2021 жылға арналған қаржылық есептілік Агенттік жақын арада үздіксіз экономикалық қызметті жалғастырады деген болжам негізінде дайындалды, бұл активтердің құнын өтеуді және қалыпты қызмет барысында міндеттемелерді өтеуді көздейді. Агенттіктің талаптары мен міндеттемелері нақты. Агенттік төлем қабілетті және салық берешегі жоқ.

Агенттіктің жылдық қаржылық есептілігі барлық маңызды аспектілерде сенімді және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Агенттіктің қаржылық жағдайын көрсетеді.





2021 жылғы аналитикалық көрсеткіштер мен деректер

2021 жылғы қаржылық көрсеткіштер 2020 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда, мың теңгеде

Атауы	2020	2021
жалпы кірістер	17 652 831	19 272 519
жалпы шығындар	17 511 840	19 121 368
таза пайда	140 991	151 151

2021 жылы Агенттіктің жалпы кірісі 2020 жылмен салыстырғанда жыл соңында жарнамалық қызметтерді іске асырудың артуына байланысты 9,2%-ға өсті. Сонымен қатар, шығыстар да 9,2%-ға ұлғайды, бұл негізінен телевизиялық өнімдер мен фильмдерді сатып алу шығыстарына байланысты, олардың бір бөлігі оларды пайдаланудың экономикалық орындылығын ескере отырып, ағымдағы шығыстарға жатқызылған.

2021 жылғы таза пайда көрсеткіші 2020 жылмен салыстырғанда 7,2%-ға артық.

Агенттік қызметінің 2021/2020 жылдардағы негізгі көрсеткіштері

Агенттік тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін динамикада талдау тікелей және түпкілікті көрсеткіштердің дамуындағы оң үрдісті және тұрақты сипатын, сондай-ақ Агенттіктің даму жоспарында көзделген сапа көрсеткіштерін көрсетеді. Оң динамика өндірістік мәндерге қатысты олардың арасында сериалдардың танымалдығы, олардың телекөрсетілім үлесі, YouTube бейне қызметіндегі контентті қарау саны, сондай-ақ веб-сайттарға кіру бар көрсеткіштердің абсолютті көпшілігі бойынша байқалады. Сонымен бірге, хабар таратудың жалпы және орташа тәуліктік көлемі көрсеткіштерінің тұрақтылығы мемлекеттік тапсырма шарты бойынша міндеттемелердің тұрақты орындалуын қамтамасыз ететін техникалық әзірліктің және сенімділіктің жоғары деңгейін көрсетеді.

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2020	2021
Түпкілікті көрсеткіштер			
Мемлекеттік телеарналарды таратудың орташа тәуліктік көлемін сағат 18 ден 24 ке дейін қамтамасыз ету	%	100	100
Дубляжды ескере отырып, телеарналардың жалпы хабар тарату желісіндегі меншікті өндіріс өнімінің үлесі	%	75,73	71,74
Мемлекеттің қатысу үлесіне дивидендтер мөлшерін жыл сайын ұлғайту	%	6,9	
Тікелей көрсеткіштер мен сапа көрсеткіштері			
Телевизиялық өнімді өндіру және тарату жөніндегі қызметтер көлемі (тікелей көрсеткіш)	Сағат	33 546	33 412
«Хабар» Агенттігі» АҚ веб-ресурстарына келушілердің жиынтық саны (сапа көрсеткіші)	Келушілер	16 123 984	12 504 557
youtube.com бейне сервисте «Хабар» Агенттігі» АҚ контентін қараудың жиынтық саны (сапа көрсеткіші)	Қаралымдар	595 021 758	581 101 610
Отандық өндіріс сериалдары арасында ҮЗДІК-30-ға енген меншікті өндіріс сериалдарының саны (сапа көрсеткіші)	Бірлік	10	4
«TNS» Central Asia» деректері бойынша халық саны 100 000 адамнан асатын (100+) қала панеліндегі «Хабар» телеарнасы телекөрсетілімінің орташа тәуліктік үлесінің аудиториялық көрсеткіші (сапа көрсеткіші)	%	3,2	
«TNS» Central Asia» деректері бойынша халық саны 100 000-нан асатын қала панелінде «Хабар» телеарнасының эфирінде шыққан меншікті өндірісіндегі отандық телехикаялардың өзіндік көрсетілімі үлесінің аудиториялық көрсеткіші (сапа көрсеткіші)	%	4,2	



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

1. Корпоративтік басқару құрылымы/Жарғылық капитал құрылымы
2. Акционерлер құрамы/Директорлар Кеңесі/Тәуелсіз директорлар
3. Директорлар кеңесінің комитеттері
4. Агенттік Басқармасы
5. Сыйақы саясаты
6. Тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі





Корпоративтік басқару құрылымы /Жарғылық капитал құрылымы


ҚР заңнамасына сәйкес Агенттіктің басқару құрылымы мынадай басқару органдарынан тұрады :



Агенттіктің корпоративтік басқару жүйесі Агенттіктің қызметін басқаруды, бақылауды және Жалғыз акционердің мүддесі үшін Жалғыз акционер, директорлар кеңесі, Басқарма, өзге де мүдделі тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынасты қамтиды.

Агенттіктің корпоративтік басқаруы Корпоративтік басқару кодексінде көрсетілген әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылады.

Агенттіктің меншік құрылымы / Жарғылық капитал



Меншік құқығына билік ету тәртібі:

- Агенттіктің жалғыз құрылтайшысы – ҚР Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан ҚР Үкіметі болып табылады.
- "Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Қазақстан Республикасы цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері туралы" ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 142 қаулысына сәйкес Агенттіктің республикалық меншіктегі акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтары Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне берілді. Агенттіктің мемлекеттік меншіктегі акцияларының мемлекеттік пакетіне билік ету құқығы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға тиесілі.
- ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі агенттік акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыра отырып, ҚР заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша мемлекеттің акционер ретіндегі мүдделерін білдіреді.



Акционерлер құрамы

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша мемлекеттің акционер ретіндегі мүдделерін білдіреді және Агенттіктің жалғыз акционері болып табылады.

Тәуелсіз директорларды іріктеу критерийлері

Тәуелсіз директорлыққа кандидатураларды таңдау кезінде «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 1-бабының 20-тармақшасы басшылыққа алынды, оған сәйкес Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде айқындалады, егер ол:

- Агенттіктің сайлау кезіндегі аффилирленген тұлғасы болып табылмаса және ол Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жыл ішінде (Агенттіктің тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда) болып табылмаса. Егер Агенттіктің аффилирленген тұлғаларына қатысты аффилирленген тұлға болмаса. Агенттіктің немесе Агенттіктің аффилирленген тұлғаларының лауазымды тұлғаларымен бағыныстылықпен байланысты болмаса және оның Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты болмаса
- Егер ол мемлекеттік қызметкер болмаса
- Агенттіктің аудитору болып табылмаса және ол директорлар Кеңесіне сайланғанға дейін 3 жыл бойы аудитор болмаған болса. Агенттіктің аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде аудитке қатыспаса және оның Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі 3 жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаса

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі Агенттіктің басқару органы болып табылады, Агенттіктің қызметіне стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асыратын жалғыз акционерге есеп береді.

Агенттіктің Директорлар Кеңесі жеті директордан тұрады. Директорлар кеңесінің мүшелерін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша жалғыз акционер сайлайды.

2021 жылы Директорлар кеңесі келесі 7 мүшеден тұрды :

Директорлар кеңесінің төрағасы

Абаев Даурен Аскербекович

Директорлар кеңесінің мүшелері

Ташенев Бақытбек Хакимович

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы

Ойшыбаев Кемелбек Бахтыгулович

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі

Бекхожин Ерлан Халижанович

"Хабар" Агенттігі" АҚ Басқарма төрағасы

Директорлар кеңесінің мүшелері - тәуелсіз

директорлар

Мусаходжаева Айман Кожабековна

Тәуелсіз директор

Загоскина Зинаида Петровна

Тәуелсіз директор


Ичие Ишикава

Тәуелсіз директор



Директорлар кеңесінің комитеттері

2021 жылы Агенттіктің директорлар кеңесінде екі тұрақты комитет жұмыс істеді :



Аталған комитеттердің қызметі комитеттердің ережелеріне сәйкес жүзеге асырылды.

Комитеттер Агенттіктің Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органдары болып табылады және олардың барлық шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ұсынымдар болып табылады. Комитеттердің жұмысы объективті, салмақты ұсыныстарды әзірлеуге ықпал етеді және Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Комитеттердің барлық мүшелерінің жеткілікті білімі мен мол тәжірибесі, соның ішінде практикалық тәжірибесі бар.

Комитет отырыстары

2021 жылы Аудит жөніндегі комитеттің 6 отырысы өткізілді. Отырыстарда 17 мәселе, оның ішінде Агенттіктің қызметін реттейтін мәселелер қаралды.

Барлығы, 2021 жылдың ішінде Стратегиялық жоспарлау комитетінің 7 отырысы өткізілді. Комитет отырыстарында 15 мәселе қаралды, оның ішінде 11 сұрақ Агенттіктің Директорлар кеңесінің отырыстарына шығарылды.



Агенттік Басқармасы

2021 жылы болған Агенттіктің Басқарма мүшелері:

Бекхожин Е.Х. – Басқарма Төрағасы

Кертаев Р.Д. – Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары, Басқарма мүшесі;

Сабдыкеева Ж.К. – Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі;

Сүйіндік Л. К. – Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі, 2021 жылғы 30 маусымнан бастап Басқарма мүшесі болып сайланды.

31 отырыс

2021 жылы
өткізілді

оның ішінде **3 отырыс сырттай**

105 сұрақ

қаралды

Оның ішінде **4 сұрақ сырттай**

Барлығы, 2021 жыл ішінде Басқарманың 31 отырысы өткізілді. Басқарма отырыстарында Агенттіктің қызметін ұйымдастыруға қатысты 105 мәселе, оның ішінде Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын мәмілелер бойынша, оларды қабылдау қажеттілігі Агенттіктің қызметін қамтамасыз етумен, Агенттіктің қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекітумен байланысты, ағымдағы қызметке қатысты мәселелер және басқалар қаралды (*тәуекелдерді басқару-3; ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтыруларды бекіту, енгізу – 15; Директорлар кеңесінің қарауына оның құзыретіне жататын мәселелер – 37; мүлкікті басқару-5; уақытша бос ақша қаражатын басқару-3; Ішкі аудит мәселелері – 4; Агенттіктің шаруашылық және өндірістік қызметі жөніндегі басқа да мәселелер - 38*).

2021 жылы Агенттікте корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіру жұмысы жалғастырылды. 2021 жыл ішінде корпоративтік Этика кодексінде бекітілген корпоративтік және іскерлік этика стандарттары бұзылмағанын айта кету керек. 2021 жыл ішінде қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері де анықталған жоқ.

Агенттік Басқармасы

Агенттік Басқармасының қызметі жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау, Жауапкершілік, тиімділік, адалдық, адалдық, парасаттылық қағидаттары негізінде құрылады.

Акционерлік қоғамдар туралы заңнаманың талаптарына, сондай-ақ Агенттіктің Жарғысына сәйкес Басқарма мүшелері арасында бұйрықпен өкілеттіктер бөлінген, оған сәйкес Басқарма Төрағасы Агенттіктің ағымдағы қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Жоғары тұрған органдардың, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің тапсырмаларын орындауды ұйымдастырады, жұмылдыру дайындығы және Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады, агенттіктің республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік тапсырманы орындау жөніндегі жұмысын ұйымдастырады және Агенттікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдауға дербес жауапты болады.

Басқарма мүшесі Р. Д. Кертаев 2021 жылы Агенттіктің, атап айтқанда "Хабар", "Хабар 24", "Kazakh TV", "El arna", Алматы филиалының, дизайн және телевизиялық графика департаментінің, жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің үздіксіз жұмыс істеуіне байланысты барлық мәселелерді қоса алғанда, телеарналарының жұмысына жетекшілік етті және үйлестірді

Басқарма мүшесі Ж.К. Сабдыкеева есепті кезеңде корпоративтік стандарттар жүйесі, персоналды басқару, құжаттау, қаржы-экономикалық даму, тарифтік саясат, сатып алу, Агенттік қызметін құқықтық қамтамасыз ету, сондай-ақ телевизиялық өндіріс процесін техникалық және шаруашылық қамтамасыз ету және сүйемелдеу мәселелері бойынша жұмысқа жетекшілік етті және үйлестірді.

Басқарма мүшесі Л. К. Сүйіндік 2021 жылдың 30 маусымынан бастап интернет жобалар дирекциясының, халықаралық ынтымақтастық және дистрибуция департаментінің, стратегиялық даму және медиа жоспарлау департаментінің, сату және қоғаммен байланыс департаментінің жұмысын қадағалады және үйлестірді.



Басқарма мүшелерін марапаттау саясаты

Агенттіктің басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу тәртібі Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Агенттіктің басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары туралы Ережемен реттеледі.

Бұл ретте, қағидаларға сәйкес сыйақы төлеу белгіленген тәртіппен аудиттелген қаржылық есептілік негізінде Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бекітілгеннен кейін қаржы жылының нәтижелері бойынша жүргізіледі.

Есепті кезеңдегі жұмыс нәтижелері, Агенттіктің қызметіне қосқан үлесі, ерекше жетістіктері Агенттіктің басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеуге құқық беретін негізгі көрсеткіштер болып табылады, оның ішінде Агенттіктің Жалғыз акционер жүргізген қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері ескеріледі.

Директорлар кеңесі мүшелерін марапаттау саясаты

Агенттіктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау мәселелері Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады және Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу қағидаларында айқындалады. Қағидалар Агенттіктің мемлекеттік қызметшілері және қызметкерлері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне қолданылмайды.

Сыйақыны тек тәуелсіз директорлар алады.

Агенттіктің Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес мемлекеттік қызметшілер болып табылатын және өз өкілеттіктерін лауазымдық міндеттеріне сәйкес жүзеге асыратын Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қазақстан Республикасының басқа қаласында Директорлар кеңесінің көшпелі отырысы өткізілген жағдайда, Агенттіктің жарғысында және Агенттіктің өзге де ішкі құжаттарында көзделген сыйақылар мен өтемақылар төленбейді.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағаттар комитеті төрағасының 2012 жылғы 04 қыркүйектегі № 143 бұйрығымен бекітілген Агенттіктің Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына сыйақылар мен шығыстардың өтемақыларын төлеу қағидаларына сәйкес 2021 жылдың ішінде тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу ай сайынғы негізде жүргізілді. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем күніне арналған бағамы бойынша Тәуелсіз директор Майкл Питерске 2021 жылдың 30 шілдесіне дейін сыйақы еуромен төленді және Ичие Ишакаваға 2021 жылдың 30 шілдесіне дейін сыйақы жапон йенасымен төленді, қалған төлемдердің барлығы ұлттық валютада жүргізілді.




Тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі

Тәуекелдерді басқару жүйесі Агенттік қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады және қойылған стратегиялық міндеттерді іске асыру процесінде маңызды мәнге ие.

Тәуекелдерді басқару жүйесін құру келесі мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған :

- туындайтын қауіпті оқиғаларға жедел ден қою;
- сыртқы және ішкі ортаның өзгеруін бақылау;
- қабылданған тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету және Агенттіктің тәуекелдерді басқару жүйесінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету.



2021 жылғы 3 шілдеде Агенттік Басқармасының отырысында "Хабар "Агенттігі" АҚ-ның 2021 жылға арналған тәуекелдер тізілімі мен картасы қаралып, бекітілді. Барлық анықталған тәуекелдер бойынша олардың алдын алу және оларды барынша азайту жөніндегі іс-шаралар әзірленді.

Агенттіктің тізілімі мен тәуекел картасы жыл сайын жаңартылып отырады. Тәуекелдерді басқару мониторингі мен бақылау процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады.



АГЕНТТІКТІҢ 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МАҚСАТТАРЫ МЕН ЖОСПАРЛАРЫ





Агенттіктің 2022 жылға арналған мақсаттары мен жоспарлары

Агенттіктің 2022 жылға арналған стратегиялық мақсаттары :

- 1) Теледидар аудиториясы арасындағы үлестің өсуі;
- 2) Сызықтық емес аудиторияны жинақтау;
- 3) Барлық тарату орталарында коммерциялық тиімділіктің өсуі.

Агенттіктің 2022 жылға арналған стратегиялық міндеттері :

- Сыртқы және ішкі мемлекеттік ақпараттық саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі:
- 1) Желілік хабар тарату парадигмасының өсіп келе жатқан дағдарысына бейімделу;
 - 2) Хабар таратушының рөлінен мазмұн провайдеріне ауысу;
 - 3) Өзінің контент-өндірісін дамыту және оны біріздендіру;
 - 4) Өндірісті технологиялық дамыту және тұтырудың жаңа түрлеріне бейімдеу;
 - 5) Адами әлеуетті дамыту және көп құзыреттілікті енгізу;
 - 6) Сызықтық емес аудиторияның өзегін қалыптастыру.



Телеарналардың 2022 жылға арналған жоспарлары :

"Хабар" телеарнасы

Арнаның 2022 жылға арналған өндірістік жоспарлары түрлі сипаттағы оқиғалар мен іс-шаралар бойынша материалдарды шығарумен және эфирде ротациялаумен байланысты, мысалы, бірқатар әлеуметтік-саяси жобаларды («Народный контроль», «Біздің назарда», «Үкімет», «Бүгін», «Большая неделя») іске қосу; ойын-сауық сипатындағы ("Маска", "Таңғы fresh", концерттер, сериалдар, көркем фильмдер, "XXI ғасыр көшбасшысы" зияткерлік шоуы), "7 Күн" және "журналистік тергеу бөлімі" ақпараттық-талдамалық бағдарламалары және басқалар.

"Хабар 24" телеарнасы

2022 жылы "Хабар 24" арнасы 24/7 форматында хабар таратуды жалғастырады және «Телевизиялық әлеуметтік желілер» стратегиясы бағытында LIVE және стрим-трансляция көлемін ұлғайта отырып, жылжитын болады, оның мақсаты әлеуметтік желілер мен танымал телеграмм-арналар ақпарат беру жылдамдығы бойынша озып кетуге бағытталған. 2022 жылы арна графикалық дизайнды (жаңалықтар, бағдарламалар, бағдарламааралық форматтар) толығымен жаңартуды, сондай-ақ бағдарламалық мазмұнды жаңартуды (жабық бағдарламалардың орнына жаңаларын іске қосуды) жоспарлап отыр. Күн сайын жұмыс күндері сағат 14:00-ден 18:00-ге дейін тікелей эфирде жаңа күндізгі ақпараттық марафондарды іске қосу жоспарлануда. Бұл ақпараттық күн тәртібінің өзекті мәселелерін түсіндіру үшін сарапшыларды, саясаттанушыларды, әлеуметтанушыларды тарта отырып, арнаның күндізгі слоттарындағы ең өткір тақырыптар бойынша 4 сағаттық жаңалықтар, пікірталастар мен талдаулар.

"El arna" телеарнасы

Жалғыз акционердің тапсырмасына сәйкес Арна телеарнаның жанрлық бағытын білім беру-танымдық мазмұнына қарай трансформациялауды жалғастырады, оның шеңберінде 12 танымдық жобаның және тағы басқалардың эфирге шығуы жоспарланған.